

## ОСК Мәжіліс сайлауының түпкілікті қорытындысын жариялады

АСТАНА. Орталық сайлау комиссиясы ҚР Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауының түпкілікті қорытындысын шығарды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Комиссия мәліметінше, Мәжіліс сайлауына қатысқан партиялар сайлаушылар даусын былай бөлді:

1. Amanat партиясы – 53,90% немесе 3 431 510 адам дауыс берді;
2. «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы – 10,90% немесе 693 938 адам дауыс берді;
3. Respublica партиясы – 8,59% немесе 547 154 адам дауыс берді;
4. Қазақстан халық партиясы – 6,8% немесе 432 920 адам дауыс берді;

5. «Байтақ» жасылдар партиясы – 2,30% немесе 146 431 адам дауыс берді;

6. «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы – 8,41% немесе 535 139 адам дауыс берді;

7. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – 5,20% немесе 331 058 адам дауыс берді;

«Бәріне қарсымын» бағаны – 3,90% немесе 248 291 адам дауыс берді.

ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіровтің дерегіне, 5 және одан да көп пайыз дауыс жинаған саяси партиялардың арасында Мәжіліс депутатының мандаттары былай бөлінді:

1. Amanat партиясы – 40 мандат;
2. «Ауыл» халықтық-демократиялық

партиясы – 8 мандат;

3. Respublica партиясы – 6 мандат;

4. Қазақстан халық партиясы – 5 мандат;

5. «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы – 6 мандат;

6. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 4 мандат.

Еске салайық, 19 наурызда Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтті. Бұл жолы кандидаттар партиялық тізім негізінде және бір мандатты округтер бойынша сайлауға қатысты.

Мәжіліс сайлауына 7 саяси партия тіркеліп, оның алтауы 5%-дан көп дауыс жинады.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Стратегиялық тауарлар бағасының өзгеруіне байланысты, МО бойынша ТМРҚД-нің 15.03.2023 жылғы №27-НҚ

бұйрығымен «МАЭК» ЖШС үшін 2023-2024 жылдарға арналған су беру (су өндіру) және жылу энергиясын өндіру мен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер бекітілді. Жаңа тариф 01.04.2023

жылдан бастап қолданысқа енгізіледі. Бекітілген тарифтер кестесі [www.maek.kz](http://www.maek.kz) және [rks.maek.kz](http://rks.maek.kz) сайттарында орналастырылған.

«МАЭК» ЖШС өкімшілігі.

## Атқарушылық іс жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылы 2 сәуірдегі № 261-IV «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңына (бұдан әрі – заң) сәйкес азаматтық және өкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің, ұйғарымдардың, өкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша нұсқамалар мен қаулылардың, мүлкікті өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылардың, сондай-ақ өзге де органдар қаулыларының негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды міндетті және уақытылы қолдану атқарушылық іс жүргізудің міндеттері болып табылады.

Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану сот орындаушыларына жүктеледі.

Ал сот орындаушысы дегеніміз кім?

Сот орындаушысы – атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды қабылдау бойынша өздеріне заңмен жүктелген функцияларды орындайтын және заңда көзделген алып қоюлар үшін тең құқықтары мен міндеттері бар мемлекеттік сот орындаушысы және жеке сот орындаушысы.

Заңның 2-бабына сәйкес азаматтық және өкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің, ұйғарымдардың, өкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша нұсқамалар мен қаулылардың, мүлкікті өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылардың, сондай-ақ өзге де органдар қаулыларының негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды міндетті және уақытылы қолдану атқарушылық іс жүргізудің міндеттері болып табылады.

Заңның 37-бабына сай сот орындаушысы, егер осы заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, өндіріп алушының арғызы бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғайды және сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен бір мезгілде осы заңда көзделген атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

Ал заңның 32-бабында сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті екені көрсетілген.

Атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мыналар болып табылады:

- 1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы (банктерді және банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарын қоспағанда) ақшасы мен бағалы қағаздарын қоса алғанда, мүлкіне тыйым салу;

1-1) борышкердің банкроттегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы ақшасы мен мүлкіне тыйым салу;

2) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымалы мүлкін алып қою;

2-1) борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы жылжымайтын мүлкін алып қою;

3) борышкерге белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде заңды тұлға органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сол сияқты заңды тұлғаның жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, мүлкікті және мүлкікті емес құқықтарын, бағалы қағаздарын және жарғылық капитал мен мүлкітегі үлестерін иеліктен шығару жөнінде қабылданған шешімдердің қолданылуын тоқтата тұру;

4) борышкердің оған меншік құқығы негізінде тиесілі мүлкіті, оның ішінде ақшаны пайдалануына тыйым салу не оларды сот атқарушысы белгілеген шекте пайдалануға нұсқау беру;

5) борышкер мүлкіне сүргі салу;

6) құқық белгілейтін құжаттарды алып қою;

7) басқа адамдардың борышкерге мүлкі, оның ішінде ақша беруіне немесе оған қатысты өзге де іс-әрекеттерді орындауына тыйым салу.

Бұл аталған шаралардың барлығы атқару құжатының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында сот орындаушысымен жасалатын мәжбүрлеу шаралары болып табылады.

Бұл шаралардың барлығы борышкердің өз еркімен, уақытында мойнындағы борышын төлемеуі салдарынан, белгілі бір іс-әрекеттерді уақытылы жасамағандықтан орын алады. Яғни сот орындаушысына атқару парағы келіп түскенге дейін, борышкерде қарызды төлеу үшін, міндеттемелерін

орындау туралы сұрақтарды өндіріп алушымен бітімге келіп, ерікті түрде орындау үшін толықтай мүмкіндері болды. Алайда көп жағдайларда борышкерлер қарызды төлеу бойынша іс-әрекеттерді уақытында жасамай, соңында атқару парағы сот орындаушысына мәжбүрлеп орындауға түскеннен кейін, ештеңеден хабары жоқ адамдай не себепті шектеулер мен тыйымдар қойылғанын түсінбейтін сыңай танытып, өзінен басқалардың барлығын кінәлі еткісі келеді. Сонымен қатар заң талаптарын білмесе де, қарызын төлемеу үшін әр түрлі құйтырқы әрекеттерге барып, сот орындаушысының заңды іс-әрекеттерінен қателіктер іздеп, шу шығаратын жағдайлар да көп кездеседі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабында Занды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс екендігі, және сот актілерін орындамау заңда көзделген жауаптылыққа әкеліп соғатынын көзделген.

Бұл бап әрбір атқару парағында борышкерге ескеру ретінде жазылады. Яғни осы баппен судья ең бірінші кезекте борышкердің сот актісін орындауға міндетті екенін көрсетіп отыр. Орындамаған жағдайда ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы заңының 669-бабымен және ҚР Қылмыстық кодексінің 430-бабымен көзделген жауапкершіліктер бар.

Қорытындылай келе, сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізу өндірісіне әкеліп түскен орындау құжаттары бойынша атқару өндірісінің тараптарында туындаған сұрақтар болса, кейбір заң нормаларын түсінбей отырған болса, заңгерлердің көмегіне жүгінуге не болмаса тікелей сол сот орындаушыға келіп барлық сұрақтарға жауап алуға болатынын жеткізіміз келеді.

Серік АХАНОВ,

Маңғыстау облыстық атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақтау қаласы, 12-ш/а, «Капитал» БО, 79/4 ғимараты мекен-жайында орналасқан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалы газ тарату жүйелері және магистралдық газ құбырлары арқылы тауарлық газды тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша 2022 жылға бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштерін сақтау және тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы жыл сайынғы есептің тыңдауы 2023 жылы 26 сәуірде сағат 15.00-де Ақтау қаласы, 12-ш/а, «Капитал» БО, 79/4 ғимаратының, 6-қабатында өтеді.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақсаз LTD» ЖШС «Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданындағы Исан кен орнында топырақ өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» «Ықтимал әсерлер туралы есеп» материалдары бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Өсер ететін аумағы – Мұнайлы ауданы. Қоғамдық тыңдау: 2023 жылы 10 мамырда сағат 15.00-де Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Батыр а.о., Батыр а., Әмір ш/а, №6 көше, 446 өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/7306017984?pwd=VklrRzliUk5tMjkzbnUkZW5WdmhEQT09>.

Конференция идентификаторы: 730 601 7984.

Кіру коды: nv4X4K.

Бастамашысы: «Ақсаз LTD» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,

28-ш/а, 31-үй, 72-пәтер, тел.: 8 (705) 5388076, AKMARALTELESSINOVA@GMAIL.COM.

Құжаттаманы әзірлеуші: «ЗанКазРесурс» ЖШС, Ақтөбе қ., Бөкенбай батыр к-сі, 155/7 үй, 40-кеңсе. Нақты мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, А.Иманов көшесі, 14а үй, 33-кеңсе. БСН: 160140001885, тел.: 8 (708) 362-6889, zapkazresurs@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен [esportal.kz](https://www.gov.kz/tem-leket/entities/mangystau?lang=ru) сайтында, жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/tem-leket/entities/mangystau?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8 (771) 1605045 телефоны, zapkazresurs@mail.ru бойынша сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ [g.tulembet@mangystau.gov.kz](mailto:g.tulembet@mangystau.gov.kz) Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-ш/а, 1-ғимарат мекен-жайы бойынша қабылдайды.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобаның атауы	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқасмұнайгаз» кен орнын игеру жобасы
Қоғамдық тыңдауларды өткізетін жер	Маңғыстау ауданы, Шетпе кенті
Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты және орны	2023 жылы 19 мамыр, сағат 11.00-де Маңғыстау ауданы әкімдігінің акт залында, Шетпе кенті, акт залы жұмыспен қамтылған жағдайда, тыңдаулар Шетпе кенті мәдениет үйінде өткізіледі. Карантиндік режим жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өткізіледі (Microsoft Teams платформасында) <a href="https://teams.microsoft.com/join/19%20mangystau">https://teams.microsoft.com/join/19%20mangystau</a>
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны және парниктік газдарды қорғау қызметі Малдыбаев Е.Қ., тел.: 211-452.
Әзірлеушінің атауы және байланыс деректері	«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы «Қазұлымұнайгаз» Ақтау к., 35-ш/а., 6/1 ғимарат, тел.: 470-244. «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы «Қазұлымұнайгаз» Ақтау к., 35-ш/а., 6/1 ғимарат, тел.: 470-244. mukhambetov_b@kaznipi.kz
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы	<a href="https://ecoportal.kz">https://ecoportal.kz</a>
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Жобаларды экологиялық сараптау бөлімі, бас маман Базарбай Сабина 8 (7292) 43-10-88 <a href="mailto:moup@mangystau.gov.kz">moup@mangystau.gov.kz</a>

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«ДУМАН ЛОМБАРД» ЖШС кепілдікке салынған мүлкіктің сауда-саттығын хабарлайды. Уақыты, мекен-жайы: 20.04.2023 жыл, 11-ш/а, 39-үй, 2-пәтер сағат 09.00, Сауда-саттық өткізу әдісі: ағылшын.

**ЖАЗЫЛУ – 2023**

**«МАҢҒЫСТАУ» газетіне ЖАЗЫЛУ**

Редакциядан жазылу 4 037,00 теңге (Жеткізу қарастырылмайған)

Жеке тұлғалар үшін (қала/ауыл)  
Индекс 65492  
1 жылға – 7 737,48 / 8 184,84 теңге

Заңды тұлғалар үшін (қала/ауыл)  
Индекс 15492  
1 жылға – 12 537,48 / 12 984,84 теңге

**20-48-34, 20-48-42**  
арқылы жазылуға болады

СҰРАҚТАР БОЙЫНША: +7 778 145 90 93

e-mail: [xat.mangystau@gmail.com](mailto:xat.mangystau@gmail.com) / Газет сейсенбі, бейсенбі күндері шығады

Меншік иесі:  
**MAҢҒЫСТАУ MEDIA**  
Директор  
Гүлмира ӘБІШЕВА  
Қабылдау бөлімі, тел./факс:  
20-48-34 [mangystau.media@mail.ru](mailto:mangystau.media@mail.ru)  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде есепке қойылып, №КЗ60VPR00052105 күнелі 15.07.2022 ж. берілген.

**МАҢҒЫСТАУ**  
Облыстық қоғамдық-саяси газет.  
1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады.  
Бас редактор  
Ғалым ӨРІП  
Редакция телефондары:  
Бас редактордың орынбасары  
В.Қозыбақова: 20-48-43  
Аға дизайнер  
Л.Мұратова: 20-48-37

Журналистер: Ү.Жәлеке, Г.Жеменей, Х.Қуат, Ж.Нағымаш, А.Орынбаева, К.Сәрсенбаева, С.Рзахметов: 20-48-39  
Беттеуші-дизайнерлер:  
Ж.Абланова, М.Жаркынбай: 20-48-37  
Фотошілшілер:  
Т.Құсалин, С.Майемеров  
Кезекші редактор: Ү.Жәлеке  
«Маңғыстауға» жарнама, құттықтау, хабарландырулар жариялау үшін – 20-48-42

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.  
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.  
■ Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.  
■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.  
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.  
060005, Атырау қаласы,  
Ж.Молдағалиев көшесі, 29 «а»  
тел.: 8 (7122) 45-86-60; 58-63-92  
Таралымы: 3266  
Индекс: 65492  
Тапсырыс: 0290  
Жариялану ақысы төленген.  
Бағасы келісімді. 2 т.б.



Мекен-жайымыз:  
Ақтау қаласы, 9-ш/а,  
42/1-ғимарат.